

Қостанай қаласы бойынша оңайлатылған декларация негізінде арнаулы салық режимін қолдану кезінде салықтардың мөлшерлеме мөлшерін төмендету туралы

Қостанай облысы Қостанай қаласы мәслихатының 2025 жылғы 24 қарашадағы № 200 шешімі

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы шешім 01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы Салық Кодексінің 726-бабына сәйкес Қостанай қалалық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Төлем көзінен ұсталатын салықтарды қоспағанда, Қостанай қаласы бойынша корпоративтік немесе жеке табыс салығы оңайлатылған декларация негізінде арнаулы салық режимін қолдану кезінде есепті салықтық кезеңде салық салу объектісіне мөлшерлеме мөлшері 4%-дан 3%-ға дейін төмендетілісін.

2. Осы шешім 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға жатады.

Қостанай қалалық мәслихатының төрағасы

О. Байгабулов